

Кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидаларын, олардың денсаулығы мен дене жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ медициналық қорытындының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 364 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11546 болып тіркелді.

Ескерту. Орыс тіліндегі мәтіннің тақырыбына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.07.2016 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап тексеру қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес олардың денсаулығы мен дене жарамдылығына қойылатын талаптар;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес медициналық қорытындының нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.07.2016 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

- 1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі

_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 28 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 13 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 364 бұйрығына
1-қосымша

Кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.09.2018 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-28) тармақшасына, түзетулер енгізілген 1978 жылғы Теңізшілерді даярлау және диплом беру және вахта

жұмысын атқару туралы халықаралық конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) I/9 қағидаларына сәйкес әзірленген және кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеруді жүргізу (бұдан әрі - медициналық қарап-тексеру) тәртібін белгілейді.

2. Қағидалардың талаптары теңіз кемелері экипажының мүшелеріне қолданылады.

3. Медициналық қарап-тексеру зертханалық және функционалдық зерттеулерді толық көлемде жүргізу үшін білікті мамандарға, материалдық-техникалық ресурстарға ие медициналық ұйымдарда жүзеге асырылады.

4. Медициналық қарап-тексеруді жүзеге асыратын медициналық ұйым басшысының бұйрығымен бес жыл мерзімге кәсіби патология бойынша қайта даярлаудан өткен және маман (кәсіби патолог) сертификаты бар, медициналық қарап-тексеруге және медициналық қорытындыны беруге жауапты дәрігер (бұдан әрі – Дәрігер) тағайындалады.

Дәрігерді тағайындау немесе оны ауыстыру туралы бұйрық (себебін көрсете отырып) оны бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган дәрігерлердің тізбесін құрайды және оны өзінің интернет ресурсында жариялайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.12.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Медициналық қарап-тексеру осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Дәрігер Кеме экипажы мүшелерінің денсаулық жағдайына және дене жарамдылығына қойылатын талаптарды басшылыққа алады.

6. Дәрігер медициналық қарап-тексеру барысында толық кәсіби еркіндігін қолданады.

7. Кеме экипажының мүшелеріне үміткерлерді медициналық тексеріп қараудың мақсаты кәсіби бойынша денсаулық жағдайы бойынша олардың жұмысқа жарамдылығын анықтау болып табылады.

Жұмыс істейтін кеме экипажының мүшелерін медициналық тексеріп қараудың мақсаты:

1) кемелерде жұмыс істейтін адамдардың денсаулық жағдайын динамикалық қадағалау;

2) ауруларды, оның ішінде кемелерде жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін кәсіби ауруларды уақытында анықтау;

3) жұмыскерлердің денсаулығын сақтауға және еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған профилактикалық және оңалтушылық іс-шараларды жүргізуді бақылау;

4) инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуын диагностикалау және алдын алу болып табылады.

8. Медициналық қарап-тексеру екі жылда бір рет өткізіледі, он сегіз жасқа толмаған адамдар жыл сайын өтіп тұрады.

9. Медициналық ұйым үш жұмыс күні ішінде Порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 417 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерінің, кәсіби дипломдардың, кәсіби дипломдар растамаларының, жеңілдік рұқсаттарының, теңізде жүзу кітапшаларының тізілімдерін жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11033 болып тіркелген) сәйкес Кәсіби дипломдардың, кәсіби дипломдар растамаларының және жеңілдік рұқсаттардың тізіліміне енгізу үшін ұсынады.

10. Порттың теңіз әкімшілігі шетелдік медициналық қорытындыларды Қазақстан Республикасы және аталған қорытындыны берген мемлекеттің арасында Конвенцияның I/10 қағидаларына сәйкес, егер аталған келісімде өзгеше көрсетілмесе, тиісті келісім болған жағдайларда таниды.

2-тарау. Медициналық қарап-тексеру тәртібі

11. Медициналық қарап-тексеруге он алты жастан асқан кеме экипажы мүшелері және кемеді жұмыс істейтін экипаж мүшелері жатады.

12. Медициналық тексеріп қарау кезінде функционалдық және зертханалық зерттеулер мыналарды қамтиды:

- 1) клиникалық қан талдауы, глюкозаға қан талдауы;
- 2) адамның имун тапшылығы вирусына (АИТВ) қан талдауы;
- 3) есірткі заттары мен ішімдік белгілеріне қан мен несеп талдауы;
- 4) көру өткірлігін зерттеу, көз іші қысымын өлшеу;
- 5) естуін зерттеу.

13. Медициналық тексеріп қарау процесінде анықталған медициналық көрсеткіштер кезінде зерттеудің қосымша зертханалық-инструменталдық және функционалдық әдістері жүргізіледі.

14. Медициналық қарап-тексеруді жүргізу кезінде Дәрігер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес кеме экипажы мүшесінің дене жарамдылығын есепке алудың медициналық картасында кеме экипажының мүшесі туралы мәліметтер және келесі шешімдердің біреуін енгізеді:

- 1) кемедегі жұмысқа шектеусіз жарамды;
- 2) кемедегі жұмысқа шектеулі жарамды;
- 3) кемедегі жұмысқа жарамсыз.

Егер кеме экипажының мүшесі кемедегі жұмысқа шектеулі жарамды деп танылса, Дәрігер осы шектеулерді көрсетеді.

15. Кеме экипажы мүшесі кемедегі жұмысқа жарамды деп танылған жағдайда Медициналық қорытынды беріледі.

16. Медициналық қорытынды мынадай шешімдердің біреуін қамтиды:

1) денсаулық жағдайы бойынша кемедегі жұмысқа шектеусіз жарамды (міндеттер түрін көрсете отырып);

2) денсаулық жағдайы бойынша кемедегі (міндеттер түрін көрсете отырып) жұмысқа шектеулі жарамды (жүзудің аудандары, рейстердің ұзақтығы, басқа да шектеулер);

17. Денсаулық жағдайы бойынша кемелердегі жұмысқа жарамсыз адамдарға медициналық қорытынды берілмейді.

18. Медициналық қорытынды Дәрігердің қолымен және мөрімен расталады.

Медициналық қорытынды:

1) он сегіз жасқа толмаған кеме экипажы мүшелері үшін бір жыл;

2) он сегіз жастағы және одан үлкен кеме экипажы мүшелері үшін екі жыл;

3) медициналық қарап-тексеру кезіндегі кеме экипажы мүшесінің денсаулық жағдайы негізінде шектеулі кезең ішінде жарымды болады.

Егер медициналық қорытындының жарамдылық мерзімі рейс кезінде аяқталатын болса, онда ол осы мерзім үш айдан аспайтын шартпен, Дәрігері бар келесі портқа дейін жарамды болып қала береді.

19. Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген қорытындымен келіспеген жағдайда кеме экипажының мүшесі Порттың теңіз әкімшілігіне үш жұмыс күні ішінде жүгінеді. Порттың теңіз әкімшілігі бес жұмыс күні ішінде басқа медициналық ұйымнан Дәрігерді тартады.

Басқа медициналық ұйымнан тартылған Дәрігер қайта жүргізген тексеріс негізінде жоғарыда көрсетілген қорытындыны растайды немесе жоққа шығарады, ол туралы Порттың теңіз әкімшілігіне хабарлайды.

Қайта жүргізген тексеріс нәтижесімен келіспеген жағдайда, кеме экипажының мүшесі тексеріс нәтижесіне сот тәртібінде шағым жасай алады.

20. Кеме экипажының мүшесі кемедегі жұмыстан:

1) тиісті медициналық қорытындысы болмағанда;

2) ауруын жасыру салдарынан сәйкес келмейді деген медициналық қорытынды берілген жағдайларда шеттетіледі.

Кеме экипажы мүшелерін
медициналық қарап-тексеру
қағидаларына
қосымша
Нысан

Кеме экипажы мүшесінің дене жарамдылығын есептеудің медициналық картасы

1. Кеме экипажының мүшесі туралы ақпарат

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
-------------------------------------	--

Туған күні (кк/аа/жжжж)				
Үй мекенжайы				
Азаматтығы				
Жынысы	<input type="checkbox"/>	Ер	<input type="checkbox"/>	Әйел
Жеке басын куәландыратын құжат	Түрі:		Нөмірі:	
Бөлімше	<input type="checkbox"/>	Палуба	<input type="checkbox"/>	Машиналық
	<input type="checkbox"/>	Радиорубка	<input type="checkbox"/>	Азық-түлік
	<input type="checkbox"/>	Басқа		
Күн сайынғы және авариялық жағдайлар кезіндегі міндеттер (егер қолданылса)				
Кеменің түрі	<input type="checkbox"/>	Құрғақ жүк	<input type="checkbox"/>	Контейнер тасымалдаушы
	<input type="checkbox"/>	Жолаушы	<input type="checkbox"/>	Танкер
	<input type="checkbox"/>	Басқа		
Жүзу аумағы	<input type="checkbox"/>	Шектелмеген	<input type="checkbox"/>	Жағалау маңындағы
	<input type="checkbox"/>	Тропиктер	<input type="checkbox"/>	Басқа

**2. Кеме экипажының мүшесі туралы жеке ақпарат
(толтырған кезде қажет болғанда медициналық персонал көмек көрсетеді)**

Төмендегі қандай да бір жағдай болды ма және қашан?			
Жағдайы		Иә	Жоқ
1.	Көз / көру проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2.	Жоғары қан қысымы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3.	Жүрек / қан тамырлары аурулары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4.	Жүрекке операция	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5.	Тамырлардың варикоздық кеңеюі / геморрой түйіндері	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6.	Демікпе/ бронх қабынуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7.	Қан аурулары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8.	Диабет	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
9.	Қалқанша безі проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.	Ас қорытудың бұзылуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11.	Бүйрек проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.	Тері аурулары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

13.	Аллергия	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
14.	Инфекция / жұқпалы аурулар	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
15.	Жарық	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
16.	Жыныс дисфункциясы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
17.	Жүктілік	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
18.	Ұйықтау проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
19.	Алкоголь немесе есірткіні тұтыну	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
20.	Операция / хирургиялық араласу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
21.	Эпилепсия / қояншық ауруы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
22.	Бас айналуы / талу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
23.	Естен тану	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
24.	Психика проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
25.	Күйзеліс	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
26.	Өзіне қол жұмсау жағдайлары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
27.	Жадынан айырылу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
28.	Тепе-теңдікті сақтай алмау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
29.	Қатты бас аурулары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
30.	Құлақ (есту, шу) / мұрын / тамақ проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
31.	Қимылдау шектеуі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
32.	Арка немесе буын проблемалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
33.	Ампутация	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
34.	Сыну / буын шығу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Егер Сіз жоғарыда көрсетілген тармақтардың біреуіне "иә" деп жауап берсеңіз толық жазыңыз:

Қосымша сұрақтар		Иә	Жоқ
35.	Сіз кемеде ауру салдарынан босап шығып немесе отаныңызға жіберіліп көрдіңіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
36.	Ауруханада жаттыңыз ба ?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
37.	Кемедегі қызметтік міндеттерді орындау үшін жарамсыз болып танылдыңыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

38.	Медициналық қорытындыңыз шектелді ме немесе жойылды ма?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
39.	Өз денсаулығыңыздағы проблемалар туралы білесіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
40.	Тиісті лауазым бойынша функцияларды орындау үшін өзіңізді сау және жарамды сезінесіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
41.	Медициналық препараттарға аллергияңыз бар ма?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Түсініктемелер:			
Қосымша сұрақ:		Иә	Жоқ
42.	Дәрілік препараттарды рецептпен немесе рецептсіз қабылдайсыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Иә болса, аталған дәрілік препараттарды, оларды қабылдау себептерін және мөлшерлерін атап шығыңыз:			

ЕСКЕРТУ:

Жалған немесе анық емес ақпаратты беру қатаң қылмыстық-жазалаушылық әрекет болып саналады және қылмыстық қудалауға әкелуі мүмкін.

Осымен жоғарыда көрсетілген ақпараттың нақтылығын растаймын

Қолы: _____ Дата (күні/айы/жылы): ___ / ___ / ___

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (баспаханалық әріптерімен):

Осымен медициналық мекемелерден және қоғамдық ұйымдардан менің медициналық

картамдағы бұрынғы барлық жазбаларды

_____ (бекітілген дәрігеріне) ұсынуға рұқсат беремін

Қолы: _____ Дата (күні/айы/жылы): ___ / ___ / ___

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (баспаханалық әріптерімен):

Бұрынғы медициналық тексерістер бойынша байланыс деректері және өту күні (белгілі болса):

3. Медициналық тексеріс:

Көру	
Көзілдірікті немесе көзге салынатын линзаларды пайдалану: Иә / Жоқ (иә болса, түрін және тағу мақсаттарын нақтылаңыз)	
Көру деңгейі	
Қосалқы құралдарды қолданбаған кезде	Қосалқы құралдарды қолданған кезде

	Оң көз	Сол көз	Екі көз	Оң көз	Сол көз	Екі көз	
Алыс							
Жақын							
Көру аймағы							
				Орташа	Нашар		
Оң көз							
Сол көз							
Түрлі-түсті ажырату							
<input type="checkbox"/>	Тексерілмеген	<input type="checkbox"/>	Орташа	<input type="checkbox"/>	Анық емес	<input type="checkbox"/>	Нашар
Есту							
Тон және аудиометрия (дБ арқылы анықталады)							
		500 Гц	1000 Гц	2000 Гц	3000 Гц		
Оң құлақ							
Сол құлақ							
Сөйлеуді және сыбырлауды қабылдау тесті (метрлер)							
				Норма	Сыбырлап		
Оң құлақ							
Сол құлақ							

Клиникалық нәтижелер

Бойы (см):		Салмағы (кг):	
Пульс жиілігі (мин):		Ырғақтылығы:	
Артерия қысымы:	Систоликалық (мм рт.ст.):	Диастоликалық (мм рт.ст.):	
Зәр талдауы:	Глюкоза:	Ақуыз:	Қан:
	Мөлшер шегінде		Мөлшерден ауытқу
Бас			
Қуыстар, мұрын, жұтқыншақ			
Ауыз / тістер			
Құлақ (жалпы)			
Дабыл жарғағы			
Көз			
Офтальмоскопия			
Қарашықтар			
Көз жылжуы			
Өкпе және кеуде			
Кеудені қарау			
Жүрек			
Тері			
Варикоз тамырлары			

Қан тамырлары (аяқтың пульсын қоса алғанда)		
Құрсақ қуысы және ішкі органдар		
Жарық		
Артқы тесік (ректальдық емес қарау)		
Зәр-жыныс жүйесі		
Аяқ-қол		
Омыртқа (м/б, к/б және б/б)		
Неврологиялық (толық / жедел)		
Психиатриялық		
Пациенттің жалпы көрінісі		
Кеуде рентгені		
<input type="checkbox"/>	Орындалм ады	<input type="checkbox"/> Орындалды (күні/айы/жылы): __ / __ / __
Нәтижелер:		
Басқа диагностикалық тестілер және олардың нәтижелері		
Тест:	Нәтиже:	
Қандай да бір шектеулер себебін көрсете отырып дәрігердің түсіндірмесі және жарамдылығын бағалауы:		

4. Теңізде қызмет атқаруға жарамдылығын бағалау:

Сынақтан өтіп отырған адамның жеке өтініші, менің клиникалық тексеруім және жоғарыда жазылған диагностикалық тестілеу нәтижелері негізінде медициналық көрсеткіштер бойынша Мен, сынақтан өтушіні растаймын:

<input type="checkbox"/>			
Қарсы қараушы ретінде жарамды			
<input type="checkbox"/>			
қарсы қараушы ретінде жарамсыз			
Палубадағы қызмет	Машиналық бөлімшедегі қызмет	Тамақпен қамтамасыз етуші қызмет	Басқа қызмет тер
Жарамды			
<input type="checkbox"/>			
<input type="checkbox"/>			
<input type="checkbox"/>			
<input type="checkbox"/>			
Жарамсыз			
<input type="checkbox"/>			
<input type="checkbox"/>			
<input type="checkbox"/>			
<input type="checkbox"/>			
Шектеусіз			
<input type="checkbox"/>			
Шектеулермен			

Көруді түзетуге

Иә

Жоқ

қосалқы құралдар
қажет етіледі

Шектеулерді ашып жазыңыз

(ерекше қызмет, кемеңіз түрі, жүзу аумағы және басқалар)

Медициналық қорытындының

жарамдылық мерзімі (күні/айы/жылы): ____ / ____ / ____

Медициналық қорытындыны беру мерзімі (күні/айы/жылы): ____ / ____ / ____

Медициналық қорытындының нөмірі: _____

Дәрігердің қолы: _____

Дәрігер туралы деректер (аты, лицензиясының нөмірі, мекенжайы): _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 364 бұйрығына
2-қосымша

Кеме экипажы мүшелерінің денсаулық жағдайына және дене жарамдылығына қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.09.2018 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы кеме экипажы мүшелерінің денсаулық жағдайына және дене жарамдылығына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 наурыздағы № 244 қаулысымен ратификацияланған Теңізшілерді даярлау мен диплом беру және вахта жұмысын атқару туралы халықаралық конвенцияға сәйкес белгіленген және кеме экипажы мүшелерінің ең аз дене қабілеттерінің негізінде Талаптарға 1-кестеге сәйкес анықталған.

2. Кеме экипажы мүшелерін тексеріп қарау кезінде өлшеуге жататын буынның қызметі мен қозғалыс көлемін бағалау Талаптарға 2-кестеге сәйкес жүргізіледі.

3. Қашықтықтан және түрлі-түсті көруді бағалау Талаптарға 3-кестеге сәйкес кеме экипажы мүшелері үшін ең төменгі қолданыстағы көру стандарттары негізінде жүргізіледі.

Талап етілетін стандартқа сәйкес болуы үшін көруді түзету құрылғыларын пайдалану қажеттілігі туралы жазу кемелердегі жұмыс үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы туралы медициналық қорытындыға енгізілуі тиіс.

Кемедегі өз міндеттерін орындау үшін көзілдірікті немесе көру линзаларын пайдалануы қажет кеме экипажы мүшесінің бортта қосымша көзілдірігі немесе көру линзалары болуы тиіс.

4. Кеме экипажы мүшесінің естуі (қосалқы құралдарсыз) 500, 1000, 2000 және 3000 Гц жиілігі шегінде (тиісінше 3 м және 2 м қашықтықта сөйлеуді естуге сәйкес келеді) ең азы жақсы еститін құлақта 30 дБ және нашар еститін құлақта 40 дБ болуы тиіс. Палубада/көпіршікте жұмыс істейтін кеме экипажының мүшелері 3 метр қашықтықта сыбырлап сөйлеуді естулері тиіс.

Естуді тексеріп қарау таза есту дыбысының аудио өлшегішінің көмегімен жүргізіледі. Сондай-ақ сөйлеуді қабылдаудың нашарлауын өлшейтін ұқсас тәсілдерді қолдануға болады. Гуілдің әсерінен естуден айырылу диагностикаласа, басқа өлшем шарттар және бағалаудың әдістері пайдаланылады.

Қосалқы есту құралдары, кеме экипажының мүшесі өз міндеттерін, оның ішінде авариялық жағдайларда, қауіпсіз және тиімді орындай алу жағдайында медициналық куәлігі қолданысы кезеңінде пайдаланады. Кемеде аталған құралдардың қосалқы даналары және шығыс материалдары болуы тиіс.

Кемедегі авариялық дабылдың жұмысы кеме экипажы мүшесінің ұйқыдан оятуды кепілдеуі тиіс.

Кеме экипажы мүшелерінің
денсаулық жағдайына
және дене жарамдылығына
қойылатын талаптарға
1-кесте

Кеме экипажы мүшелерінің ең төменгі физикалық қабілеті

Кеме тапсырмасы, функциясы, күрделілігі немесе талаптары 3	Тиісті физикалық қабілеті	Қарап тесеруді жүргізетін медицина қызметкері кандидат 4 мыналарды орындайтындығына қанағаттануы тиіс:
Кеме бойынша күнделікті қозғалыс: - жылжитын салдарда - деңгейлер арасында - секциялар арасында 1- ескертпе осы қатарға қолданылады	- Баланс пен қозғалтқышты қайта сақтайды - тік баспалдақтар мен сатылар бойынша көтеріледі және түседі - Биіктігі 600 мм комингстерден аттап өтеді - Тұмшаланған есіктерді ашады және жабады	- Баланс сезімімен қиындық тудыртпайды - Тиісті қозғалыстар мен физикалық жүктерді болдырмайтын қандай да бір патологияның немесе аурудың болмауы Көмексіз 5 мыналар болуы мүмкін: - Тік баспалдақ пен сатылар бойынша көтерілу - Биік табалдырықтан аттайды - Есіктерді басқару жүйелерін басқарады
Борттағы күнделікті тапсырмалар:	- Механикалық құрылғыларды басқару кезіндегі күш, айла және шыдамдылық	- кемең қауіпсіз жұмысы үшін қажетті ауыр жұмысты орындау

<ul style="list-style-type: none"> - қол құрал-саймандарын пайдалану - кеме корларының орнын ауыстыру - биіктікте жұмыс - клапандар жұмысын қамтамасыз ету - 4-сағаттық вахтаны атқару - жабық үй-жайлардағы жұмыс - дабылға, ескертуге және нұсқауға ден қою - ауызша хабарлама <p>1-ескертпе осы қатарға қолданылады</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Жүкті көтеру, сүйреу және арқалау (салмағы 18 кг) - Жоғарыға көтерілу - Ұзақ кезеңде тұру, жүру және сергек боп қалу - Шектеулі үй-жайларда жұмыс және тар саңылаулар арқылы қозғалу (н-р, қағида 11-І/3-6.5.1 СОЛАСжүк үй-жайлары мен авариялық шығаберістердегі саңылау 600 мм-ге кемінде 600 мм мөлшерінде құрады) - Объектілерді, өлшемді және дабылды көзбен айыра білу - Ескерту мен нұсқауларды есту - Нақты сөзбен сипаттай білу 	<p>қабілеттілігін азайтатын белгілі бір нашарлауы немесе диагностикалық мед.көрсеткішті жоқ</p> <ul style="list-style-type: none"> - мынадай қабілеттерге ие: - көтерілген қолмен жұмыс істеу - ұзақ уақыт бойы тұру және жүру - жабық үй-жайға кіру - көру стандарттарына сәйкес келу (А-І/9 кестесі) - құзіретті органдар белгілеген есту стандарттарына сәйкес келу немесе халықаралық нұсқауларды назарға алу - қалыпты сөйлесуді ұстау
<p>Борттағы авария жағдайындағы міндеттерб:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кемең авариялық тастап кету - өрт сөндіру - көшіру <p>2-ескертпе осы қатарға қолданылады</p>	<ul style="list-style-type: none"> - құтқару көкірекше немесе гидрокомбинезон кию - түтінделген үй-жайды тастап кету - демалу аппаратурасын пайдалануды қоса алғанда, өрт сөндіру бойынша міндеттерге қатысуы - кемедең көшіру процесіне қатысу 	<p>кемең қауіпсіз жұмысы үшін қажетті ауыр жұмысты орындау қабілеттілігін азайтатын белгілі бір нашарлауы немесе диагностикалық мед.көрсеткішті жоқ</p> <ul style="list-style-type: none"> - мынадай қабілеттерге ие: - құтқару көкірекшені немесе гидрокомбинезонды кию - жорғалау - температурадағы айырмашылықты сезіну - өрт сөндіру бойынша жабдықты пайдалану - демалу аппаратурасын сүйреу (онда міндет бөлігі ретінде қажет)

Ескертпе:

1. Осы кестенің 1 және 2-қатары мыналарды сипаттайды: (а) қарапайым кеме тапсырмалары, функциялары, оқиғалары және талаптары; (б) кеме экипажы мүшелерінің, экипаждың және кемең басқа мүшелерінің қауіпсіздігі үшін қажетті деп саналуы мүмкін тиісті физикалық қабілетілігі; (с) кеме экипажы мүшесінің түрлі міндеттерін және олар жұмысқа жалданған бортта олардың жұмыс мәнін назарға ала отырып, медициналық жарамдығын бағалау кезінде тәжірибеленуші дәрігерді пайдалану үшін жоғары өлшемшарттар.

2. Жоғарыда көрсетілген кестенің 3-қатары мыналарды сипаттайды: (а) авария жағдайында борттағы тапсырмалар, функциялар, қиындықтар және көрсеткіштер (талаптар); (б) теңізшінің, экипаждың және кемең басқа мүшелерінің қауіпсіздігі үшін қажетті деп саналуы тиіс, тиісті физикалық қабілетілігі; және (с) кеме экипажы мүшелерінің түрлі міндеттерін және олар жұмысқа жалданған бортта олардың жұмыс мәнін назарға ала отырып, медициналық жарамдығын бағалау кезінде тәжірибеленуші дәрігерді пайдалану үшін жоғары өлшемшарттар.

3. Осы кесте борттағы мүмкін көрсеткіштерге көрсетуге немесе әлеуетті біліктілігін жоғалтқан медициналық жағдайға көрсетуге ниетті емес. Тараптар кеме экипажы мүшелерінің белгілі бір санатына қолданатын физикалық қабілетті нақтылауы тиіс (капитан көмекшісі және машина бөлімінің қатардағы қызметкері ретінде). Жеке тұлғалар және арнайы немесе шектеулі міндеттері барлар үшін ерекше жағдайлар тиісті түрде қаралуы тиіс.

4. Егер күмән туындаған жағдайда, тәжірибеленуші дәрігер кез келген тиісті нашарлаудың дәрежесін немесе деңгейін объективті тестілерді жүргізу, егер тестілер қолданылған және қолжетімді болған жағдайда, немесе кандидатты одан әрі тексеруге жіберу арқылы есептеуі тиіс.

5. "Көмекші" термині тапсырманы орындау үшін басқа адамды пайдалануды білдіреді.

6. "Авариялық жағдайлар кезіндегі міндет" термині жеке күн көрінісін қамтамасыз ету үшін әр теңізші орындауы тиіс рәсімдер ретінде кеме мені тастап кету немесе өрт сөндіру тәрізді авариялық жағдайға жөн қоюдың барлық стандартты жағдайларын қамту үшін пайдаланылады.

Кеме экипажы мүшелерінің
денсаулық жағдайына
және дене жарамдылығына
қойылатын талаптарға
2-кесте

Кеме экипаждары мүшелерін тексеріп қарау кезінде өлшеуге жататын буынның қызметі мен қозғалыс көлемі

Буын	Қимыл бағыты	Өлшем үшін шығару жағдайы; есептеу басталатын бұрыш	Қозғалыс көлемі (бұрыш)	
			Мөлшерде	Шектеу; елеусіз ретінде жіктелуі
1	2	3	4	5
Иық	Бүгілуі (алға жылжу ; иық буындарын қосқанда)	Тұрғанда. Қол дене бойына түсірілген; орта қалыпта супинация және пронация арасында (0)	175 – 180	120-ға дейін
	Иілуі (артқа жылжу)	Сондай	45-50	20-ға дейін
	Бұрылуы (иық буынын қосқанда)	Тұрғанда. Қол тік қалыпты; супинация (0)	180	120-ға дейін
Шынтақ	Бүгілуі	Тұрғанда. Қол түсірілген; кішкене қайырылған (180)	27 – 30	80-ге дейін
	Иілуі	Сондай	180	160

Кәрі жілік	Пронация	Тұрғанда және отырғанда. Қол 90 градусқа жиналған. Білек орта қалыпта, саусақ және саусақ сүйектері білекпен бір жазықтықта (0)	90	60-қа дейін
	Супинация	Сондай	90	60-қа дейін
Алақан бөліктері	Бүгілуі	Тұрғанда. Қол кеуде бөлігінде, білек буынына бүгілген, білек бүгілген 180	80	30-ға дейін
	Иілуі	Сондай	70	15-ке дейін
	Бұрылуы	Ол да сондай, білек супинация жағдайда, саусақ сүйектері иықпен бір жазықтықта 180	160	175-ке дейін
	Келтіруі	Сондай	135 - 140	165-ке дейін
Алақан және саусақ сүйектері	Бүгілуі	Отыру. Шынтақ тірегі тік, саусақтар тік қалыпта (180)	Бірінші саусақ 135-ке дейін, басқасы 90-95	155-ке дейін 60-дейін
	Иілуі	Сондай	180 – 210	165-170 Саусақаралық буындарының қозғалысының шектеулі болуына қарай қол үші ұстау қабілеті сақтау керек және 1-ші саусақтың басқаларға қарсы қойылымы сақталуы керек
Жанбас-бел сүйектері	Бүгілуі	Арқаға жату. Тізе бүгілуі. Жанбас бекітілуі (0)	120	100
	Иілуі	Ішпен жату болмаса сау бүйірімен жату. Тізені босату. Жанбасты біріктіру (0)	15 – 20	10
	Бұрылуы	Арқаға жату. Табан орта жағдайда, тізенің 90к (0) бұрышында	50 – 90	30
	Келтіруі	Сондай	20 – 30	10
	Супинация	Сондай, тізе босатылған	60	40
	Пронация)	Сондай	40	20-ға дейін

Балтыр және табан сүйектері	Бүгілуі	Арқаға жату болмаса бүйірге жату. Балтырға табанның бұрышы 90	130	110
	Иілуі	Сондай	70	80
Самай және жақ сүйегі	Тік қозғалыс	Аузын кең ашып см-мен өлшейді төменгі және жоғарғы алдыңғы тістердің аралығын	Ауыздың бірқалыпты ашылуы 3 см-ден 6 см-ға дейін	3 см

Кеме экипажы мүшелерінің денсаулық жағдайына және дене жарамдылығына қойылатын талаптарға
3-кесте

Кеме экипаждары мүшелерін үшін ең төменгі қолданыстағы көру стандарттары

ПДНВ конвенциясының қағидалары	Кеме экипаждары мүшелерін санаты	Қосалқы құралды пайдалана отырып, қашықтықта н көру ¹	Жақын/ орташа көру	Түрлі-түсті көру ³	Көру аясы ⁴	Түнгі көрмеу ⁴	Диплопия (көзде екі көріну) ⁴
		1 көз 2ші көз	Екі көз (қосалқы құралдарды пайдалана отырып және оларды пайдаланбай)				
I/11 II/1 II/2 II/3 II/4 II/5 VII/2	Капитандар, командалық құрам және алда қараушылар функциялары орындауы тиіс қатардағы қызметкерлер	0.5 ² 0.5	Кеме қозғалысы үшін қажетті көру (н-р, карталар мен теңіз жариялымдарға өтіну, көпіршекте құрал-саймандар мен жабдықтарды пайдалану, және кеме жүргізу үшін	6-мысалды қараңыз	Қарапайым көру аясы	Сапаны нашарлатпай қараңғыда барлық қажетті функцияларды орындау үшін қажетті көру	Нақты маңызды

			қосалқы құралдарды анықтау)				жағдайлар жоқ
I/11 III/1 III/2 III/3 III/4 III/5 III/6 III/7 VII/2	Барлық механиктер, электр механиктер, электриктер және қатардағы қызметкерлер және машина бөлімі вахтасының құрамындағы басқа адамдар	0.4 ⁵ 0.4 ⁵	Жабдықты басқару үшін және ол қажет ететіндей жүйені/ компоненттерді анықтау үшін жақын қашықтықта аспаптарды оқу үшін қажетті көру	7-мысалды қараңыз	Жеткілікті көру аясы	Сапаны нашарлатпай қараңғыда барлық қажетті функцияларды орындау үшін қажетті көру	Нақты маңызды жағдайлар жоқ
I/11 IV/2	ГМССБ радиооператорлары	0.4 0.4	Жабдықты басқару үшін және ол қажет ететіндей жүйені/ компоненттерді анықтау үшін жақын қашықтықта аспаптарды оқу үшін қажетті көру	7-мысалды қараңыз	Жеткілікті көру аясы	Сапаны нашарлатпай қараңғыда барлық қажетті функцияларды орындау үшін қажетті көру	Нақты маңызды жағдайлар жоқ

Ескертпе:

1. Мәндер он сандық Snellen жүйесінде көрсетілген.
2. Бір көздегі кем дегенде 0,7 ретінде мәні көз ауруы негізінде жатқан белгісіздік тәуекелін төмендету үшін ұсынылады.
3. Жарықтандыру жөніндегі халықаралық комиссияның көлігі үшін түрлі түсті көру талаптарына қойылатын халықаралық ұсынымдармен айқындалғандай (кез келген кейінгі нұсқаларды қоса алғанда, СІЕ-143-2001).
4. Бастапқы тексеріп қарау кезінде анықталғаны көрсетілген клиникалық көру маманы бағалауға тиіс.
5. Машина бөлімінің персоналы кемінде 0.4. көруі араласқан болуы тиіс.
6. СІЕ 1 немесе 2 түрлі түсті көру стандарты.
7. СІЕ 1, 2 немесе 3 түрлі түсті көру стандарты.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
Министрінің міндетін
атқарушының

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.12.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Оң жағы

Seafarer medical fitness certification Медициналық қорытынды # XXXXXX

Осы куәлік Қазақстан Республикасының атынан Теңізшілерді медициналық тексеріп қарау қағидалары және түзетілген 1978 жылғы Теңізшілерді даярлау, диплом беру және вахтаны атқару туралы халықаралық конвенциясына (бұдан әрі ДДВА Конвенциясы) және 2006 жылғы Теңіз кеме қатынасындағы еңбек туралы жиынтық конвенциясына сәйкес беріледі.

This certificate is issued on behalf of the Government of the Republic of Kazakhstan in compliance with the requirements of the Regulations on Medical Examination of Seafarers and the International Convention on Standards of Training, Certification and Watchkeeping for Seafarers 1978, as amended (STCW Convention), and the Maritime Labour Convention, 2006

1. ТЕҢІЗШІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ / DATA OF SEAFARER

Тегі, аты / Full name				Фото / Photo
Туған күні (дд/мм/гггг)/ Date of birth (day/month/year)				
Азаматтығы / Nationality				
Жынысы / Gender:	Ер / Male			Әйел / Female
Жеке басын куәландыратын құжат / Identification document	Түрі / Type		Нөмірі / Number	
Міндеттемелері / Occupation		Мінбеде бақылау және вахтаны атқару / look out and watch duties on the bridge		Машиналық бөлімшеде вахтаны атқару/ watch duties in the engine room
		Күзет және қауіпсіздік міндеттерімен бақылаусыз вахтаны атқару / without look-out or watch duties but with safety and/or security duties		Жоғарыда аталған міндеттердің ешбіреуінсіз / without any of the aforementioned duties

2. ШЕКТЕУЛЕР/ LIMITATIONS

Жүзу ауданы / Validity area	Дүние жүзі бойынша / Worldwide
	Шектеулі аумақ / Limited area:
Жарамдылығы бойынша шектеулер / Limitations on fitness	

3. ДДВА КОНВЕНЦИЯСЫНА СӘЙКЕС ДЕНЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ / JUDGEMENT MEDICAL FITNESS SEAFARER UNDER STCW CODE

Естуі А-I/9-бөлімінің стандарттарына сәйкес / Hearing meets the standards in section A-I/9	Иә / Yes	Жоқ / No	Қолданылмайды / Not applicable
Естуі түзетусіз қанағаттанарлық / Unaided hearing satisfactory	Иә / Yes		Жоқ / No
Көру жітілігі А-I/9-бөлімінің стандарттарына сәйкес / Visual acuity meets standards in section A-I/9	Иә / Yes		Жоқ / No
Түрлі түсті ажырату А-I/9-бөлімінің стандарттарына сәйкес / Colour vision meets standards in section A-I/9	Иә / Yes		Жоқ / No
Түрлі түсті ажыратуға тестілеудің соңғы күні (алты жыл сайын өткізіледі) (кк /аа/жжжж) / Date of last colour vision test (only needs to be conducted			

every six years) (dd/mm/yyyy)					
Бақылау функциясына жарамды / Fit for lookout duties		Иә / Yes			Жоқ/ No
Көзілдірік немесе көру линзаның екінші жұбы бар / 2nd pair of spectacles or contact lenses available		Иә / Yes		Жоқ / No	Қолданылмайды / Not applicable
Қосымша есту аппараты және жеткілікті көлемде батареялар және басқа шығын материалдары бар / Back-up hearing aid and sufficient batteries and other consumables		Иә / Yes		Жоқ / No	Қолданылмайды / Not applicable

Теріс жағы

4. ТЕҢІЗШІНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ / DECLARATION OF THE SEAFARER

Теңізші куәліктің мазмұнымен таныс және Кеме экипажы мүшелерін медициналық тексеріп қарау қағидаларының 19-тармағына сәйкес қарастыруға құқылы екені туралы мәлімдейді / The seafarer declares to be informed of the content of the certificate and the right to a review in accordance with paragraph 19 of Regulations on medical examination of ship crew members	Теңізшінің қолы / Signature of the seafarer:
--	--

5. ДӘРИГЕРДІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ / DECLARATION OF THE RECOGNIZED MEDICAL PRACTITIONER

ол Қазақстан Республикасында тіркелген теңіз кемесіндегі жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық тексеріп қарауды жүргізуге және медициналық қорытынды беруге жатады / To be recognized by the Government of the Republic of Kazakhstan as a medical practitioner to conduct medical examinations and to issue medical certificates of fitness

Қол қоюшы белгіленген дәрігер мәлімдейді / The signing medical practitioner declares

for the service on board seagoing vessels registered in Kazakhstan;

тексеріп қарау кезінде теңізшінің жеке басы тексерілді / that he/she checked the seafarer identity at the point of the examination;

теңізші Кеме экипажы мүшелерінің денсаулық жағдайы және дене жарамдылығы талаптарына сай, теңіздегі жұмыс кезінде ушығатын немесе ондай жұмысқа жарамсыздыққа әкеп соқтыратын немесе кеме бортындағы басқа адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қандай да бір аурумен ауырмайды / that the seafarer complies to the latest medical criteria of the Regulations on medical examination of seafarers of the RK and that the seafarer is not suffering from any medical condition likely to be aggravated by service at sea or to render him/her unfit for such service or to endanger the health of other persons on board.

6. КУӘЛІКТІ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІНІҢ АЯҚТАЛУЫ / ISSUE AND EXPIRY DATE OF CERTIFICATE

Берілген күні: (кк/аа/жжжж) / Issue date (day/month/year)	
Жарамдылық мерзімінің аяқталуы: (кк/аа/жжжж) / Expiry date (day/month/year)	

7. ҚОЛЫ / SUBSCRIPTION

Дәрігердің жеке мөрі / Name stamp of medical practitioner	<hr/>
	Дәрігердің қолы / Signature of medical practitioner

Ескертпе:

1. Медициналық ұйымдарды Теңізшінің денсаулығы жағдайы туралы медициналық қорытындының бланкілерімен (бұдан әрі – Қорытынды бланкілері) қамтамасыз ету орталықтан жүзеге асырылады.

Қорытынды бланкілерінде нөмірлер мен сериялар болуы қажет.

2. Қорытынды бланкілер және сертификаттардың тапсырушысы – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган, оларды медициналық ұйымдардың берген өтінімдері және олармен жасасқан шарттар негізінде полиграфиялық қорғау дәрежесі бар баспа өнімдерін шығаруға рұқсаты бар ұйымдарға тапсырыс береді.

3. Сериялардың нөмірлері сандардан немесе әріптер мен сандардан құралады.

Қорытынды бланкілерінің нөмірлері сандардан құралады, бланктердің нөмірлері толассыз, сандар бірігіп көрсетіледі. Қорытынды бланкілерінің нөмірлеріндегі белгілердің саны оның қажеттілігін қанағаттандыратын нақты медициналық ұйым үшін болуы тиіс.

4. Қорытынды бланкілері қатаң заттай-сандық есепке жатқызылады.

Қорытынды бланкілерін сақтау, есепке алу және беру медициналық ұйымның басшысы бұйрығымен тағайындалған жауапты тұлғамен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК